

Асилова А.С., Жантаева А.А.

Мемлекеттің инвестициялық тартымдылығын қамтамасыз ету және талдау

Мақалада ел экономикасына тартылған инвестицияның маңыздылығы және шетелдік инвестицияларды тарту мен пайдалану қажеттілігі сипатталған. Сонымен қатар, шетелдік инвестицияларды тарту, инвестиция тиімділігін арттыруға Қазақстанның инвестициялық мүмкіндіктері қарастырылған. Сондай-ақ, мақалада Қазақстан Республикасында өңдеу өнеркәсібіндегі негізгі капиталға салынған инвестициялардың, олардың нақты көлем индекстерінің, шығындардың түрлері бойынша негізгі капиталға салынған инвестициялардың, ауыл шаруашылығының негізгі капиталына салынған инвестициялардың нақты көлем индексінің, негізгі капиталға салынған инвестициялардың көрсеткіштеріне және тікелей шетелдік инвестициялардың құйылуына талдау жасалған. Шетел инвестицияларын қорғауды және пайданы кері қайтарып алу мүмкіндіктерінің әрқашанда бірінші кезектегі мәселелер қатарында екендігі, сондай-ақ, инвестициялардың еліміздің экономикасын дамытуға қажеттілігі экономикалық өрлеудің жоғары қарқынын қамтамасыз етудің тиімділігін арттыруға бағытталған бірқатар ұсыныстар жасалған.

Түйін сөздер: инвестициялық тартымдылық, өңдеу өнеркәсібі, кен өндіру өнеркәсібі, мұнай өнімдерін өндіру, халықаралық инвестиция, шетелдік инвестор.

Assilova A.A., Zhantaeva A.A.

Maintenance and analysis of investment attractiveness of the state

The article describes the need and the importance of attracting and usage of foreign investments attracted in the economy of the country of investment. In addition, the attraction of foreign investments, investment opportunities of Kazakhstan to improve the efficiency of investment. Also, the article analyzes, investments in fixed capital in manufacturing industry in the Republic of Kazakhstan, their indexes of physical volume of industrial production, by types of costs, fixed capital investment, volume index of fixed capital investment in agriculture, the inflow of foreign direct investment and investment in fixed capital. Foreign investment protection and the ability to return profits are an important issue and suggested a number of proposals aimed at improving the efficiency of investment in the economic development of the country,

Key words: foreign direct investment, investment attractiveness, manufacturing, mining, oil industry, international investment, foreign investor.

Асилова А.С., Жантаева А.А.

Обеспечение и анализ инвестиционной привлекательности государства

В статье отмечается необходимость и важность привлечения и использования иностранных инвестиций в экономику страны. Кроме того, рассмотрены привлечение иностранных инвестиций, инвестиционные возможности Казахстана для повышения эффективности инвестиций. Также, в статье проанализированы процессы инвестиций в основной капитал обрабатывающей промышленности в Республике Казахстан, индексы физического объема промышленной продукции, по видам затрат, инвестиций в основной капитал, индексы физического объема инвестиций в основной капитал сельского хозяйства, приток прямых иностранных инвестиций и инвестиций в основной капитал. Защита иностранных инвестиций и возможность возврата прибыли являются важным вопросом. Авторами также выдвинут ряд предложений, направленных на повышение эффективности инвестиций в развитие экономики страны.

Ключевые слова: инвестиционная привлекательность, обрабатывающая промышленность, горнодобывающая промышленность, нефтедобывающая промышленность, международная инвестиция, иностранный инвестор.

МЕМЛЕКЕТТІҢ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ТАРТЫМДЫЛЫҒЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӘНЕ ТАЛДАУ

Қазақстан экономикасын тұрақтандыру және дамытудың маңызды жолдарының бірі – инвестициялық қызметті ұлғайту, ең алдымен еліміздің ішкі резервтерін жұмылдыру және көбірек тиімді пайдалану. Инвестиция кез келген ұлттық экономиканың маңызды да қажетті қоры, сондай-ақ, ол экономиканың өсуіне, елдің әлеуметтік дамуына жағдай жасайды. Яғни, елдің инвестициялық саясаты дұрыс шешілсе, әрбір шығындалған теңгеге келетін ұлттық табыстың мөлшері өседі және өнім молаяды.

Қазақстанда нарықтық қатынастарға өтумен байланысты инвестицияларды тарту тұрақты дамуда. Бұл еліміздегі жүргізіліп жатқан инвестициялық саясаттың нәтижесі және осы бағыттағы шаралар барысында ол дағдарыстан шығудың нақты тұтқасына айналып, экономиканың өсуі және оны қайта құрылымдаудың негізгі шарты.

Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтың 2015 жылдың 30 қарашасындағы «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму» Қазақстан халқына жолдауында өтпелі кезеңнің қиындығы мен ХХІ ғасырдағы республиканың бет бейнесі айқын көрсетілген. Болашақта Орталық Азиядағы Барыс болу үшін, халықтың әл-ауқатын және қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін экономикалық күш-қуатты арттыру керек. Осы мақсатқа байланысты стратегиялық басым бағыттарды жүзеге асырудың бір көзі – шетел инвестициясын пайдалану. Әрине Қазақстанның халықаралық байланыстары осы кезеңде де алдымен жақын көршілеріміз – Қырғызстан, Өзбекстан, Ресей және басқа да ТМД елдерін қамтиды. Бірақ ірі трансұлттық капиталды, ҚХР, Батыс және Шығыс елдері, Мұсылман әлемімен де экономикалық қатынастар ұлғаяды. Мұны біздің республиканың геосаяси, геоэкономикалық, географиялық жағдайлары талап етеді деген болатын.

Статистика комитетінің мәліметі бойынша, Қазақстан 2015 жылдың алғашқы 5 айда 2014 жылдың осы мерзімімен салыстырғанда, 3,9%-ға артық инвестиция тартқан. Инвестиция тартуда Атырау облысы көш бастап тұр. 441 063 млн теңге, яғни елден бөлінген инвестицияның пайызы мұнайлы өлкенің еншісіне тиесілі.

Сырттан тартылған инвестицияның да көп бөлігі Атырау облысына қарай бағытталған. Бұлай болуы заңды да, өйткені қара алтынға қызығушылық танытқан шетелдік алпауыт компаниялар еліміз тәуелсіз болғалы осы өңірге қарай қаржыларын тұрақты құйып келеді. 2015 жылдың алғашқы 5 айында да Атырау облысына 260,415 млн теңге сыртқы капитал тартылған. Бұл – жалпы сыртқы инвестицияның 38%.

Инвестиция тартудан көш бастаған алғашқы үштікті Астана мен Алматы қалалары толықтырады. Астанаға 187 426 млн теңге, ал Алматыға 174 510 млн теңге бағытталған. Сырттан капитал

тартуда Шығыс Қазақстан (84 778 млн теңге) және Қарағанды (62 197 млн теңге) облыстары да жақсы жұмыстар атқаруда. Шет мемлекеттерден тартылған инвестиция аймақтардың экономикалық даму көрсеткіштеріне оң ықпал етіп келе жатқаны анық. Инвесторлардың капитал құюдағы қызығушылықтары аймақтардың айналысып отырған кәсібіне тікелей байланысты. Өткен жылғы осы кезеңмен салыстырғанда, еліміздің 9 аймағында инвестиция тарту көлемі ұлғайған. 2050 жылы аймақтарда жалпы капиталдағы инвестиция үлесі ішкі аймақтық өнімнің 30%-ына жуығын құрайды деген болжам бар.


1-кесте – Қазақстан бойынша салынған инвестициялар (қаңтар-желтоқсан 2015 ж.)

Аймақтар	Негізгі капиталға	Тұрғын үй құрылысына	Негізгі капиталға	Тұрғын үй құрылысына
	млн теңге		2014 жылға %-бен	
Қазақстан Республикасы	7 024 691	719 174	103,7	114,1
Ақмола	199 271	26 723	105,5	120,5
Ақтөбе	349 769	32 268	65,1	112,5
Алматы	490 159	126 572	105,3	148,7
Атырау	1 455 873	26 274	125,5	92,4
Батыс Қазақстан	354 794	19 300	128,0	121,0
Жамбыл	226 581	13 214	105,9	106,1
Қарағанды	355 072	33 808	83,9	123,3
Қостанай	167 019	18 847	84,0	97,7
Қызылорда	236 714	23 524	88,1	127,9
Маңғыстау	454 438	31 942	81,5	107,3
Оңтүстік Қазақстан	416 029	30 550	90,1	111,2
Павлодар	448 227	12 363	122,9	145,2
Солтүстік Қазақстан	154 502	8 858	128,4	132,9
Шығыс Қазақстан	410 845	31 617	115,6	149,0
Астана қаласы	772 702	140 487	115,1	94,8
Алматы қаласы	532 696	142 827	102,3	108,6

Бүгінгі таңда аграрлық секторға шетелдік және отандық инвестицияларды тарту бойынша іс-шараларды қабылдау аса маңызды. Ол үшін инвесторларға қолайлы шарт-жағдай жасау үшін тиісті заңдарды жетілдіру бойынша іс-шараларды қабылдау тиімді болып саналады.

Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығының негізгі капиталына салынған инвестициялар туралы 2015 жылғы қаңтар-желтоқсан

айларында ауыл шаруашылығына салынған инвестициялар көлемі (салыстырмалы бағада) 2014 жылмен салыстырғанда 6,3%-ға азайды. Ауыл шаруашылығындағы инвестициялардың салым үлесі негізгі капиталға салынған инвестициялардың жалпы көлемінде 2,4% құрады. Саланың негізгі капиталға салынған инвестициялардың едәуір үлесі (жалпы көлемінен 82,3%) инвесторлардың меншікті қаражаты есебінен қаржыландырылады.




1-сурет – Ауыл шаруашылығының негізгі капиталына салынған инвестициялар, өткен жылға нақты көлем индексі, %-бен

Ауыл шаруашылығының негізгі капиталына салынған инвестициялардың жалпы көлемінде едәуір салымы маусымдық дақылдарды өсіруге (60,1%) және мал шаруашылығына (22,9%) келеді.


2015 жылғы қаңтар-желтоқсан айларында өңдеу өнеркәсібіне салынған инвестициялар көле-

мі (салыстырмалы бағада) 2014 жылмен салыстырғанда 3,4%-ға ұлғайды. Өңдеу өнеркәсібіне салу үлесі негізгі капиталға салынған инвестициялардың жалпы көлемінде 11,0% құрады.

Өңдеу өнеркәсібіндегі негізгі капиталға салынған инвестициялар өткен жылғы тиісті кезеңге нақты көлем индексі, %-бен



2-сурет – Қазақстан Республикасында өңдеу өнеркәсібіндегі негізгі капиталға салынған инвестициялар туралы




3-сурет – Өңдеу өнеркәсібіндегі негізгі капиталға салынған инвестициялардың нақты көлем индекстері

2015 жылғы қаңтар-желтоқсан айларында инвесторлардың меншікті қаражаты саланы қаржыландырудың басым көздері (53,5%) және 414,3 млрд теңгені құрайды.

Өңдеу өнеркәсібіне негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемінің едәуір үлесін (41,2%) металлургия өнеркәсібіне инвестиция салу есебінен Қарағанды және Павлодар облыстары алады.

Инвестициялық қаржыларды ел экономикасына қатыстыру әр түрлі формада жүзеге асырылуы мүмкін, оған шетел банктері мен халықаралық ұйымдардан қарыз алудан бастап,

кәсіпорындарды тікелей шетел инвесторларының меншігіне сатуға дейінгі әрекеттер жатады. Мұның өтпелі формасы ретінде бірлескен кәсіпорындар ұйымдастырылуы мүмкін. Шетел капиталын ұлттық экономикаға тарту өте пайдалы процесс. Біріншіден, шетелдік инвестициялар елдің өндірістік базасын жедел жаңартуға және оның өндірістік мүмкіндіктерін арттыруға көмектеседі. Екіншіден, шетел фирмалары жаңа өндіріс орындарын ашумен қатар, капиталистік бәсекелік күресте шындалған еңбек пен өндірісті ұйымдастыру тәжірибесін ала келеді.



4-сурет – Өңдеу өнеркәсібіне салынған инвестициялар көлемі, өткен жылғы тиісті кезеңге %-бен

Біздің экономикаға ірі инвестицияларды келтіру үшін бірнеше шарттарды орындау қажет. Біріншіден, мемлекет шетелдік инвестицияларға қауіпсіздік кепілдігін беруі қажет. Екіншіден, мемлекет шетел инвесторларына пайданы тұрақты валютаға ауыстырып әкетуіне жағдай жасауы керек.

Қазіргі уақытта дамушы және өнеркәсібі дамыған елдер арасындағы капитал қозғалысында елеулі өзгерістер пайда болды. Дамушы мемлекеттерден капитал шығару, бір жағынан, олардың экономикасының дамуына мүмкіндік берсе, екінші жағынан, өнеркәсібі дамыған елдер жас ұлттық капиталдың өз елдеріне келуіне кедергі жасайды, сөйтіп дамушы мемлекеттерде негізінен шикізат өндірісін дамытады.

Бірақ соған қарамастан, көптеген дамушы мемлекеттер өз экономикасы үшін дамыған елдердің капиталын тиімді пайдаланып отыр. Дамудың жоғары деңгейіне жету үшін жаңа индустриалды елдер алдыңғы қатарлы технология мен тікелей жеке меншік капиталды инвестициялау мүмкіндіктерін пайдаланады. Сондықтан да, шетелдік инвестициялардың басты мақсаты басқа мемлекеттерде жұмыс орындарын көбейтуге, жалақыны дер кезінде төлеуге, жаңа техникалық құрал-жабдықтарды алуға және үлкен нарық құруға мүмкіндік береді.

Шетелдік инвестициялар халықаралық капитал қозғалысының формаларының ішінде ерекше рөл атқарады. Тауар өндірісінің әлемдік нарықтан әлемдік шаруашылыққа өту барысында тек қана тауар қозғалысы ғана емес, сонымен бірге өндіріс факторларының да, әсіресе капиталдың тікелей инвестиция түріндегі халықаралық қозғалысы пайда болады.

Инвестиция деңгейі қоғамның ұлттық табысының көлеміне ықпал етеді, ұлттық экономиканың көптеген макро- пропорциялары инвестиция қозғалысына тәуелді. Ел аумағындағы инвестициялар ұлғаймалы ұдайы өндіріс процесін анықтайды. Жаңа кәсіпорындар құрылысы, үй тұрғызу, жол салу, соларға байланысты жаңа жұмыс орындарын ашу инвестициялық процесстерге тәуелді.

Қазақстан өзінің инвестициялық тартымдылығымен және өте үлкен көлемде тартылған шетелдік салымдар үшін мақтан тұтуға құқылы, бірақ Дүниежүзілік банк сарапшылары инвестиция тартуда бәрі де тегіс және оңай ахуал болмайтындығын ескертеді. Мысалы, Дүниежүзілік банк «Қазақстан: мұнайдың төмен баға кезеңі – реформаларды жүргізу мүмкіндігі» деген баяндамасында осы жылы экономикалық өсу біз-

дің елімізде 1%-дан сәл ғана астам болатындығын, мұнай бағасы жіберілген кезде 53 долларды құрап, өсу қарқыны 2014 жылы 4,3%-дан 2015 жылы 1,3%-ға дейін төмендейді деп болжаған, осы жылдың күтілетін қорытындысы бойынша мұнай кірістерінің азаятындығын ескертеді. Сонымен қатар, Дүниежүзілік Банк Қазақстанды әлемдегі инвестиция салуға ең тартымды 20 елдің қатарына қосты.

Инвестицияларды тарту бойынша 2015 жылы 26 халықаралық инвестициялық іс-шаралар өткізілді. Олардың ішінде 1500 шетелдік компанияларды қамтыған 22 бизнес форум (16-сы Қазақстанда және 6-ы шетелде) және 340 шетелдік компанияның қатысуымен Сингапурде, Оңтүстік Кореяда, Чехияда, Үндістанда 4 роудшоу өткен. Өткізілген жұмыстардың нәтижесінде жалпы сомасы 6,3 млрд АҚШ долларына 124 әлеуетті инвестициялық құжатқа қол қойылды.

2015 жылы өндеу өнеркәсібінің көлемі қолданыстағы бағамен 281,4 млрд теңгені құрады. Нақты көлем индексі 2014 жылғы деңгейіне 99,4% құрады. 2015 жылы кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді қазуда 247,6 млрд теңгенің өнімі өндіріліп, 2014 жылмен салыстырғанда нақты көлем индексі газ конденсатын өндіру 1,5%-ға, табиғи газды өндіру – 4,7%-ға өсуі есебінен 100,4% құрады. 2015 жылы өндеу өнеркәсібінде 20,6 млрд теңгенің өнімі өндірілген, бұл 2014 жылғы деңгейінен 14%-ға төмен. Төмендеудің себебі негізінен мұнай өнімдерін өндірудің төмендеуімен (40,7%) және машиналар мен жабдықтардан басқа дайын металл бұйымдарын жасаудың төмендеуі есебінен болды (63%).

Қазіргі уақытта Қазақстанда өндіру өнеркәсібінде 140 қолданыстағы шетелдік инвестор өз қызметін атқарып келеді. Олар жалпы сомасы 6 млрд АҚШ доллары сомасында 150-ден аса жоба іске асырылды, 20 мың жұмыс орны құрылды. Мысалы 2015 жылы жалпы сомасы 43 млн АҚШ долларын құраған 5 жаңа жоба пайдалануға енгізілді, 260 жұмыс орны құрылды: BTM Group (Түркия), LG Electronics (Корея), Galaksi Group (Түркия), Lotte Group (Корея), Danone (Франция). Сондай-ақ, 2016 жылдың соңына дейін қолданыстағы шетелдік инвесторлар жалпы сомасы 104 млн АҚШ долларын, 360 жұмыс орнын құрайтын 8 жобаны пайдалануға енгізуді жоспарлап отыр.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің дерегі бойынша тікелей құйылған шетелдік инвестиция 2005-2015 жылғы көлемі ағыны Қазақстан экономикасына 215 млрд долларды

құрады. Бүгін Достастық елдерінде Қазақстан тікелей шетелдік инвестицияларды тарту бойынша көшбасшы болып келеді. Ал әлемдік ауқымда біздің ел топ – отыз мемлекеттердің арасында. Ірі елдер инвесторлар Нидерланды, АҚШ, Швейцария, Франция, Ұлыбритания, Қытай және Ресей. Орта Азияда тартылған барлық шетелдік инвестициялардың 80%-ы Қазақстанның үлесіне тиіп отыр. Қазақстанда шетелдің қаржысымен 10 мыңға жуық компания жұмыс жасайды.

Инвестициялардың өсуінің маңызды факторы шетелдік инвесторларды қолдау болып табылады. Мемлекет шетелдік инвестицияларды тарту шеңберінде бизнес-климатты жақсарту және елдегі әкімшілік кедергілерді азайту шарттарын жасады.

Экономикалық өсімнің мұндай қарқыны тек экспорттық табыстар ағынын мүмкін ететін жаңа драйверлер қалыптастыру есебінен ғана қамтамасыз етіле алады.

«Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты ҚР Президентінің Қазақстан халқына арналған Жолдауында «Ағымдағы дамудың маңызды мәселелерінің бірі – Қазақстан экономикасына келетін инвестициялар ағынын әртараптандыру болып табылады» деп инвестициялық саясаттың қазіргі бағыттарына назар аударған болатын. Еліміздің барлық аймақтарындағы осындай жобалардың іске асуы, елімізде қабылданған стратегиялық жоспарға сәйкес, бәсекеге қабілетті экономикасы дамыған мемлекеттер қатарынан әлі де алдыңғы орындардан көрінеді.

Әдебиеттер

- 1 Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму» 2015 жылдың 30 қарашасы
- 2 Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің жылдық есебі
- 3 Евразийский экономический союз. Вопросы и ответы. Цифры и факты. – М.: Евразийская экономическая комиссия. – 2014.
- 4 Показатели инвестиционной деятельности. Агентство РК по статистике. – <http://www.stat.kz>
- 5 Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің есебі. www.nationalbank.kz.

References

- 1 Memleket basshysy N.Ә. Nazarbaevtyң Qazaqstan halkyna zholdauy «Qazaqstan zhaңa zhahandyқ naқты ahualda: esim, reformalar, damu» 2015 zhyldyn 30 qarashasy
- 2 Ұлттық jeconomika ministrлігі Statistika komitetiniң zhyldyқ esebi
- 3 Evrazijskij jeconomicheskij sojuz. Voprosy i otvety. Cifry i fakty. – M.: Evrazijskaja jeconomicheskaja komissija. – 2014.
- 4 Pokazateli investicionnoj dejatel'nosti. Agentstvo RK po statistike. – <http://www.stat.kz>
- 5 Qazaqstan Respublikasy Ұлттық bankiniң esebi. www.nationalbank.kz.